

У 2006

1357к

ҚАЗАҚСТАН

КАЗАХСТАН
KAZAKHSTAN

II



ФОТОШЕЖІРЕ ФОТОЛЕТОПИСЬ PHOTOANNALS

ҚАЗАҚСТАН

КАЗАХСТАН

KAZAKHSTAN

ФОТОШЕЖІРЕ ФОТОЛЕТОПИСЬ PHOTOANNALS

II



Қ 18 Қазақстан. Фотошежіре. Казахстан. Фотолетопись. Kazakhstan. Photoannals.
Том 2
– Алматы: RUAN, 2005 – 192 бет. (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)

ББК 63.3 (5 Қаз) я 6

ISBN 9965-9804-4-6

К $\frac{0503020905}{00(05)-05}$

ISBN 9965-9804-4-6 – (Т. 2)

ISBN 9965-9804-2-X

Альбомда Қазақстанның тарихы, мәдениеті мен этнографиясына арналған таңдаулы мұрағаттық фотосуреттер көрсетілді. Альбомның екінші томы қазақстандық тарихтың кеңестік кезеңін қамтиды. Көптеген фотосуреттер тұңғыш рет жарияланып отыр. Бұл кітап Қазақстан тарихына ден қоюшы барша бұқара көпшілікке арналған.



АЛББОМ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛҒАН

АЛББОМ ВЫПУЩЕН ПО ПРОГРАММЕ КОМИТЕТА ИНФОРМАЦИИ И АРХИВОВ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ, ИНФОРМАЦИИ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE ALBUM IS PUBLISHED WITHIN THE FRAMEWORK OF THE PROGRAM
OF THE INFORMATION AND ARCHIVES COMMITTEE
AT THE MINISTRY OF CULTURE, INFORMATION AND SPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН

КАЗАХСТАН

KAZAKHSTAN

ФОТОШЕЖІРЕ ФОТОЛЕТОПИСЬ PHOTOANNALS

II

RUAN

АЛМАТЫ, 2005

Фотошежіренің екінші томында еліміздің өткен ғасырдағы тарихы баяндалады. Тарихшылар мен психологтардың айтуынша, белгілі бір тарихи дәуірдің адамдар санасына үстемдігі тек немерелер мен шөберелер ұрпағында ғана жойылады екен. Дегенмен де, КСРО-ның құлар алдында дүниеге келгендердің ол кездегі уақыт рухын ұмытып та қалуы мүмкін. Сол дәуір оқиғалары мен көсемдерінің фотосуреттері әркімге әрқалай әсер етері сөзсіз. Кеңес заманын да әр адам өзінше еске алатыны анық. Біз сол дәуірде оның жеңістеріне қуанып, жақсылықтарынан үміттеніп, күңгірт тұстарынан күдіктеніп, кейде өкініп, кейде күйініп өмір сүрдік.

Енді міне, көз алдымызда тарихқа айналған сол кеңес дәуіріне қайта бұрылып, қуанышы мен қайғысы қатар жүрген заман тұлғаларының жүздеріне үңіле қараймыз.

Кітапта фотосуреттер сол дәуірдің кезеңдеріне, кеңестік идеологияның әр алуан «жанрындағы» ұрандарына сәйкестеліп орналас-тырылды: кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтары – социализмнің жеңісті, қарышты қадамы; соғыс жылдары – кеңес адамының майдан мен тылдағы ұлы ерлігі мен жеңісі; елдің өркендеуі үшін тер төккен жасампаз, бейбіт еңбек кезеңі – ауыл шаруашылығын дамытып, тың көтерген жылдар, бейбіт еңбектегі ерліктер...


Ол дәуір өтті, бірақ өз кезінің ең биік шыңына шыққан адамдар – ғалымдар мен суретшілердің, жазушылардың және басқа да жандардың есімдері мәңгі жадымызда қалды. Өркениеттің қайшылықтары – техникалық прогресс, (ғарыш және бейбіт атом), сондай-ақ, Семей сынақ алаңының күні кешегі трагедиясы қаз қалпында көз алдымызда тұр.

«Уақытты таңдамайды, ол тағдырына жазылған дүние, сонда тіршілік етесің, сонда өлесің». Бала кезінде «Бозторғайын» шырқаған, қартайғанда «Базар-Назарына» өкінген, ұзақ ғұмыр жасаған (1884–1976) Кенен Әзірбаевтің фотосуреті осы кітаптың көркем эпиграфы тәрізді. Көне домбырасы мен кеңестік ордендер – оның өмірбаянының кезеңдері. Билік басындағылар қарияны әлпештеп өткен дейді, бірақ жаныңды жасырып, маңдайға жазған тағдырыңнан қашып құтыла алмайсың. Оның жанарына толған мұң да мүмкін, сондықтан болар.

Кеңес өкіметінің алғашқы екі онжылдығында түсірілген суреттер: колхозшылардың жиналысы, тұрғындарға санақ жүргізу, әйелдер қозғалысына қатысқан белсенділердің топтық суреттері, жалпыға бірдей сауат ашу мектептерінің шәкірттері, тас қашайтын жер, жер жырту. Бұлардан коллектившілдіктің ерік-жігері есіп тұрғандай. Мұнда кездейсоқ түсірілген шынайы суреттермен қоса, идеологиялық жағынан ұйымдастырылған суреттер де бар: киіз үйдің ішінде Лениннің суретіне қарап отырған балалар, егіс даласынан көңілдене қайтып келе жатқан шаруалар. Соңғы композиция КСРО мен Германия өнерінде кең таралған амал болды. Дегенмен, мұнда аса бір жасандылық бар деп те айтуға болмайды, себебі үйге қайту қашанда көңілде қуаныш орнататыны сөзсіз, ал қозғалыс дененді сергітіп, көңіліңді сенімге бөлейді.

Түрксіб тақырыбын Сібір мен Орта Азия темір жолының түйіскенін баяндайтын ұран жазуының астында түйенің үстінде отырған үш әйелдің суреті ашып тұр. Олардың жүзінде асқақ мейірбандылық, ұяла күлімсіреген әдептілік пен қарапайым ойлылық ұшқындары бар. Күрек ұстаған жұмысшылар, қыста шпал төсеу, көпір конструкциясы, пайдалануға беру туралы актіге қол қою, поездың келуі – осының бәрі ел үшін аса қажет болған темір жол құрылысындағы қиындықтар мен елдің ерен еңбегін паш етеді.

Ал, мынау – Сталиннің суреті мен «Өндіріске зиянкестік жасаушыларға үзілді-кесілді қатаң тойтарыс береміз!» деген ұран сөздер жазылған транспарантты төбесіне көтеріп тұрған төрт салт атты жігіттің суреті. Бір қызығы, осы жігіттердің өздері орысша оқи біле ме екен? Жұтқа ұшырағандардың фотосуреттері – аяздан қорғап, анасы баласын құшақтап тұр. Қазақтар өз мекенін тастап, тағдырға тәуекел деп көшіп барады.... Өз халқының тағдырын әрқалай түсінетін, дамудың тура жолын таңдау барысында билікпен де, өзімен де айтысқа түскен қазақ зиялыларының тамаша жүздерін де осындағы фотосуреттерден көре аласыз. Әділеттік пен адалдық олардың көбін қуғын-сүргіннің құрбандығына шалды. Сонда кімдікі дұрыс болды? Біздің еліміздің қандай жолмен жүруі керек еді? Тарих дегеніміз келісімпаздық пен ауытқушылықты білмейді. Бірақ шырқырап шындық іздегені үшін, оны тап басып таба алмағаны үшін өлім жазасына кесуге бола ма? «Адами шындық қашанда соңғысының алдында жүреді» деген бар... Және біз ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының басшы қайраткерлерінің есімдерін ұмыта алармыз ба?! Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатов. Немесе жұртты аштықтан, жұттан, жоғалып, құрып кетуден аман алып қалудың жолын ойлап, сол үшін күрескен Санжар Асфандияров, Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев және Бейімбет Майлиннің (олардың қатары көп-ақ) есімдері естен кетер ме? Ал, Сталиннің азап лагерлерінде атаусыз, белгісіз кеткендер қаншама?!



Алып елдің барлық азаматтарын жауынгерлік және еңбек майданына шақырған соғыс жылдары... Сол соғыстың қайғысын бастан кешірмеген, жалғзынан не жан жарынан айрылмаған, қолына қара қағаз алмаған отбасы бар ма?! Осынау бір таусылмас тақырып жөнінде бірнеше суреттер ғана бар. Бүгінде жер басып тірі жүрген бостандығымыз бен өміріміз үшін өзімізді солардың алдында мәңгі қарыздар санайтын қыршындар туралы толыққанды түрде айтқымыз келсе, онда бірнешеу емес, тіпті, таусылмайтын, аяқталып бітпейтін көп томдық кітаптар шығаруымыз қажет болар еді.

Соншама алып ел жұмысшы табынсыз, ауыр өнеркәсіпсіз, металлургия мен құрылыссыз лайықты өмір сүре алар ма еді? Фрезерлік станокты бірінші болып меңгерген қазақ қызының ғажайып фотосуретіне қараңыз. Металлургтер мен құрылысшылар баяғының батырларын еске салғандай. Ұран жазудан «Коммунистік еңбектің жеңісіне жетеміз!» дегенді оқисыз.

Ал мынау, тың көтерген жылдар. Ол туралы дау-дамай айтыс әлі күнге дейін толастаған жоқ; ол біздің астықты ұлы держава болуымызға көмектесті ме, жоқ әлде, сан жеткісіз қора-қора қойымызды жаятын құнарлы жайылымды құртып жіберді ме? Бірақ біздің елімізде ондай шаралардың аса кең ауқымда және жылдам жүзеге асқаны соншалық, оның «жақсы, жаманын» саралауға уақыт болған жоқ. Алдымен бастайық, содан соң көре жатармыз дедік...

Бұл жылдарда мадақшыл фотосуреттер ерекше көп болды: коммунистік көсемдер мәжіліс сәтінде, алтын дәннің арасын ашып көруде, еңбек ерлерін балалар гүл шоқтарымен қарсы алуда, дала еңбеккерлері өз еңбектерінің жемісін тамашалап тұрса, айдың көрінбейтін жағы туралы жазылған газетті жапырыла оқыған қалалықтар мақаланың шындығына көз жеткізейін дегендей аспанға қарайды. Кейде өмірдің шынайы сәттері де кездеседі: мал баққан қойшылар, ау тартқан балықшылар. Бірақ олардың түрлерін көре алмайсыз, себебі, олар еңбек тойын жасап жатқан жоқ, камераның алдында мені көр деп тұруға да уақыты жоқ. Бүкіл ел «біз ертегіні өмірге айналдыру үшін келгенбіз» деген ұранға жұмылған.

Алайда, революцияға дейінгі кезеңде түсірілген, атап айтқанда адамның өмірге деген көзқарасын білдіретін «жеке адамда» ұрпақтар жалғастығының көзге көрінбейтін нәзік байланысы бар: адамдар өздерінің алуан сырлы қырымен тек табиғи ортада ғана ашылады, сонда ғана жарасымды. Оның тірлігінің өзі тартымды: бірдеңені жасауға құмар, жайдарыланып шай ішеді, әңгіме-дүкен құрады, перзенттерін аймалайды, ойланады...

Дарынды тұлғалармен кездесу кімді де болса қобалжытары сөзсіз. Оның жүзінен жан дүниесін, дарынының ізін, көлеңкесін көруге, сезінуге ұмтыласыз. Дина Нұрпейісованың кимешекпен отырған ұлағатты келбеті. Оның дарынына уақыттың, жылдардың өмірі жүрмеді дейді. Жүз жасаған қария – Жамбыл Жабаев. Оның Ленинград қорғаушыларына арнаған өлеңі әлі күнге жан толқытады. Дана және таза жүректі Әбілхан Қастеев – біздің тұңғыш кәсіби кескіндемешіміз. Айша Ғалымбаева – қазақтың тұңғыш суретші қызы, қылқалам шебері. Академиктер Қаныш Сәтбаев пен Әлікей Марғұлан – отандық ғылымның символдары. Мұхтар Әуезов, Илияс Есенберлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетін өркендетті. Шәкен Айманов – әлі күнге дейін жұртшылық қызыға тамашалайтын фильмдерінің режиссері, әрі киноактер. Дарынды композиторлар – Ахмет Жұбанов пен Ғазиза Жұбанова. Актриса Шолпан Жандарбекова, әншілер Бибігүл Төлегенова мен Ермек Серкебаев!

Соңғы тарауды ашқанда әппақ кимешек киген қартаң әженің ғажайып бейнесін көресіз. Одан әрі парақтағанда ХХ ғасырдың екінші жартысында біздің халқымыздың басына түскен тағдыр тәлкегі – Семей сынақ алаңындағы атом бомбаларының жарылысы, суы тартылған Аралдың фотосуреттері бар. Бұл трагедияны бастан кешірген адамдардың бет-жүздері... Солардың әрқайсысынан тек өзінің ғана емес, елі, жері үшін тартқан жан азабын көресіз.

Адам баласы белгілерді барлап, есептеуді жақсы көреді. Жеті қат көктің түпсіз тұңғиығына ұшуға дайын тұрған ғарыштық зымыран нышанды құрметтеуге мүмкіндік береді. Фотосуретші ғарыш кемесін ұшыратын тетіктердің бәрі шалқасынан ашылып, енді оны бөгеудің еш мүмкіндігі болмайтын сәтін тап басқан. Енді қас қағым сәтте алып зымыран ғарыш кеңістігіне аттанады. Кеңес Одағы да сол сияқты жолы бөлініп, жоқ болды. Сөйтіп, дүниеге жаңа мемлекет – Егемен Қазақстан келді. Біздің әрқайсымыз адамның зат, немесе, біреудің қолындағы жабдығы емес, ынталы мақсат иесі екенін, біреудің азаттығы аяқталған жерден екіншісінің азаттығы басталатынын неғұрлым тезірек түсінсек, біздің тірлігіміз де жақсылыққа қарай соғұрлым жақындай түспек.

Баян Барманқұлова



Во втором томе фотолетописи Казахстана представлено недавнее прошлое нашей страны. Быть может, лишь те, кто родился в период распада СССР, не помнят духа того времени. Хотя, как полагают историки и психологи, эпоха теряет свою власть над умами людей только во внуках и даже правнуках. Фотографии, запечатлевшие события времени и еще не совсем забытых вождей, вызывают неоднозначные чувства. Как и сама Страна Советов. Мы жили в ней, любя и негодуя, веря и сомневаясь, надеясь и разочаровываясь.

Теперь, когда десятилетия Советской власти остались позади, можно оглянуться назад и всмотреться в лица тех, кто жил в это время. Фотографии в книге распределены в соответствии с этапами истории и клише разных «жанров» советской идеологии: первые десятилетия советской власти – победоносное шествие социализма; годы войны – великий подвиг советского человека на поле боя и в тылу; мирный труд на благо страны – героика рабочих будней, подъем сельского хозяйства, освоение целинных и залежных земель...

Эта эпоха прошла, но оказались неподверженными забвению гордые имена ученых, художников, писателей и всех достойных людей, определивших невыдуманную Высоту своего времени. И зримыми стали сегодня парадоксы цивилизации – технический прогресс (космос и мирный атом) и трагедия семипалатинского полигона.

«Времена не выбирают – в них живут и умирают». Неким визуальным эпиграфом к книге является фотография Кенена Азербайева, прожившего долгую жизнь (1884–1976), создавшего песню «Боз торгай» совсем ребенком, а «Базар-Назар» – старым человеком. Старинная домбра и советские ордена – этапы его биографии. Говорят, он был обласкан властью, но душу не спрячешь и от судьбы не уйдешь. Поэтому, быть может, так печален (и даже трагичен) его взгляд.

Вот снимки первых двух десятилетий советской власти: колхозное собрание, перепись населения, групповые портреты участниц женского движения, учеников Всеобуча, каменоломня, пахота и молотба. В них упругий и задорный дух коллективизма. А вот и отдельные замечательные лица: два юных красноармейца. Вместе с подсмотренными моментами жизни есть идеологически выверенные снимки: разглядывающие портрет Ленина детишки в юрте, весело шагающие с полей крестьяне. Последняя композиция была любима и популярна в искусстве СССР и Германии. Впрочем, она не так уж и надумана: путь домой веселит сердце, а движение бодрит идущих и убеждает наблюдающих.

Заставка к снимкам строительства Турксиба. Лица троих женщин на верблюде – величавое снисхождение, смущенная улыбка и простоватая задумчивость – под транспарантом, объявляющим о смычке железных дорог Сибири и Средней Азии. Рабочие с лопатами, укладка шпал зимой, конструкции моста, подписание акта о сдаче в эксплуатацию, прибытие поезда – все это отражает энтузиазм и трудности строительства так необходимой стране железной дороги.

А вот четыре «всадника апокалипсиса» держат над собой портрет Сталина и транспарант «Дадим жестокий отпор рвачам и вредителям производства». Интересно: могли ли читать по-русски эти джигиты? Снимки периода джута – мать обнимает ребенка, защищая его от холода, казахи откочевывают с привычных мест в поисках лучшей доли... На фотографиях есть и прекрасные лица казахской интеллигенции, по-разному понимающей благо своего народа, спорящей с властью и с собою о выборе истинного пути развития. Искренность и честность сделали многих из ее числа жертвами репрессий. Кто из них был прав? Каким путем должна была бы идти наша страна? История не знает сослагательного наклонения. Но разве смерти заслуживает тот, кто ищет истину и не находит ее? Сказано: «человеческая правда – всегда предпоследняя»... И можем ли мы забыть имена лидеров национально-демократической партии «Алаш»: Алихан Букейханов и Ахмет Байтурсынов, Мустафа Шокай и Миржакып Дулатов? Или таких людей, как Санжар Асфендияров и Сакен Сейфуллин, Магжан Жумабаев и Беимбет Майлин (и многих других), не побоявшихся думать и действовать, чтобы уберечь народ от голода, разрухи, исчезновения? А сколько еще безымянных погибло в сталинских лагерях?!



Годы войны, призвавшей на свои фронты, боевые и трудовые, всех граждан огромной страны... Есть ли семья, которая не была затронута этим огнем, не потеряла близкого человека, не испытала горя? Здесь лишь несколько снимков на эту неисчерпаемую тему. Чтобы осветить ее полностью, надо было бы издать многотомную, почти бесконечную, книгу с поименным перечнем тех, кому мы обязаны свободой и жизнью.

Может ли достойно жить страна без рабочего класса, без тяжелой промышленности, металлургии и строительства? Удивительна девушка-казашка, первой освоившая работу на фрезерном станке. Металлурги и строители напоминают былинных богатырей. На лозунге читаем: «Мы придем к победе коммунистического труда!». Безвозвратно исчезла еще одна иллюзия, рожденная слишком романтическими сердцами, идеалистическими фантазиями, внеэкономическими представлениями.

А вот и целина. Сколько споров до сих пор идет о ней: помогла ли она стране стать великой зерновой державой или только испортила пастбища, на которых паслись бесчисленные стада овец? Но в нашей боевой и кипучей стране все делалось с такой скоростью и размахом, что некогда было учесть все «за и против». Главное начать, а там посмотрим...

В эти годы сделано особенно много помпезных фотографий: коммунистические вожди заседают, раздвигают мудрыми руками колосья золотой пшеницы, героев труда чествуют дети с цветами, труженики полей никак не налюбуются на плоды своей работы, а горожане гурьбой читают газету о снимках невидимой стороны луны и даже смотрят (днем!) на небо, словно хотят убедиться в напечатанном... Иногда промелькнут искренние мгновения жизни: чабаны со стадами в зимней степи, рыбаки с сетями. И лиц их не разберешь, поскольку не позируют и не изображают праздник труда. Человек вне работы, отдыхающий, сидящий без дела на крыльце да на скамеечке, – большая редкость. Страна еще живет в ритме слов «мы рождены, чтоб сказку сделать былью».

А ведь именно снимки «частного человека» образуют тонкую нить преемственности взгляда на жизнь, которая бытовала в дореволюционной фотографии: человек интересен в естестве и многогранности своего бытия. В нем все привлекательно: способность мастерить, пить чай, беседовать, молчать, обнимать детей, думать...

Всегда волнует встреча с неординарным человеком. Хочется его внимательно рассмотреть, чтобы увидеть печать, след, тень таланта и души в чертах его лица, в мимике, движениях. Величавая старуха в кимешеке – Дина Нурпеисова. Говорят, годы не влияли на ее мастерство. Столетний старец – Джамбул Джабаев. Его слова, обращенные к ленинградцам, до сих пор волнуют душу. Мудрый и чистый сердцем Абылхан Кастеев – наш первый профессиональный живописец. Айша Галимбаева – первая художница-казашка, виртуозно владеющая кистью. Академики Каныш Сатпаев и Алькей Маргулан – символы отечественной науки. Мухтар Ауэзов, Ильяс Есенберлин, Сабит Муканов, Габит Мусрепов принесли известность литературе Казахстана. Шакен Айманов – замечательный режиссер и актер кино, снявший фильмы, до сих пор любимые в народе. Талантливые композиторы Ахмет и Газиза Жубановы. Как дополняют их образы присутствие детей – редчайший случай на фотографиях известных людей. Актриса Шолпан Жандарбекова, певцы Бибигуль Тулегенова и Ермек Серкебаев! А сколько еще талантов живет в нашей стране!

Последний раздел предваряет поразительное лицо старой женщины в белоснежном кимешеке. Далее идут фотографии, в которых представлены трагические испытания, выпавшие на долю нашего народа во второй половине XX века – взрывы атомных бомб на семипалатинском полигоне, мертвый Арал. Лица людей, которых коснулись эти трагедии... В каждом из них боль не только за собственную жизнь, но и за народ, землю. И в каждом – бесконечное терпение и воля к жизни.

Человек любит считывать знаки. Пожалуй, фотография космической ракеты, готовой взлететь в бесконечную высоту небес, дает возможность символического прочтения. Фотограф уловил момент, когда элементы пусковой установки распахнулись и больше не удерживают космический корабль. Еще несколько мгновений – и ракета устремится в иное пространство. Так и Советский Союз: исчез, разорвались пути, и родилась новая страна – независимый Казахстан. И чем скорее каждый из нас поймет, что человек – цель, а не средство, что свобода каждого кончается там, где начинается свобода другого, тем быстрее многое изменится к лучшему.

Баян Барманкулова



The recent past of our country is presented in the second volume of the photo chronicle of Kazakhstan. Only those who were born in the period of disintegration of the USSR don't remember the atmosphere of that time. Historians and psychologists consider that the epoch loses its power over people's minds just in generation of grandchildren or great-grandchildren. The photos, which captured the epochal events and not yet forgotten leaders, arouse different feelings. Like the Soviet Union itself. We lived in the country with love and detestation, belief and doubts, hopes and disappointments.

Now decades of the Soviet power are left behind and we can look back and scrutinize the faces of those who lived at that time.

Photos in the book are classified due to the historical phases and clichés of different «genres» of the soviet ideology: the first decades of the Soviet power mean the triumph of socialism; the years of war signify the great feat of the soviet people on the battle field and at the rear; the peaceful labor for the benefit of the country is the heroism of working days, the rise of agriculture and development of virgin lands.

This epoch has passed but well-known names of scientists, artists, writers and all worthy people who determine the real height of their time cannot be forgotten. Such paradoxes of civilization as the technical progress (cosmic space and peaceful atom) and tragedy of the Semipalatininsk testing area have become visible today.

«Times are not chosen – they are lived in and died in». The photo of Kenen Azerbayev serves as a visual epigraph to the book. He lived a long life (1884–1976). Kenen created the song «Boz torgai» in his childhood and he created «Bazaar-Nazar» in his old age. The ancient dombra and Soviet orders are attributes of his biography. He is said to have been treated kindly by the authority, but nobody can conceal his soul and escape fate. Therefore his glance is so sad and even tragic.

The pictures of the first two decades of the Soviet power depict the collective farm meeting, census of population, group portraits of participants of the women's movement, students of Vseobuch, the quarry, plowing and harvest season. They convey the resilient and quick-tempered spirit of collectivism. There are remarkable faces of two young Red Army men. Among the recorded moments of life there are ideologically composed pictures of children in the yurt looking at the Lenin's portrait or peasants walking merrily from the fields. The latter composition was popular in the art of the USSR and Germany. However it is not even fabricated because the way home brings joy to the heart, and the movement braces those who are going home and convinces those who are watching.

Some pictures of the Turksib construction. There is the lofty condescension, embarrassing smile and ingenuous dreaminess on faces of three women on the camel under the banner which announced the junction of the railways of Siberia and Central Asia. Workers with spades, track laying in winter, bridge building, signing the act on putting into operation, train arrival – all these reflect enthusiasm and hardships of the railway construction so strongly needed for the country.

Four «horsemen of Apocalypse» keep above their heads the portrait of Stalin and the banner «Let's severely repulse the production grabbers and wreckers». It is interesting to know whether these dzhigits could read Russian. Pictures of the jute period portray mother embracing her child to protect him from cold; Kazakhs leave their habitual places in search for the better places... Wonderful faces of Kazakh intellectuals who understand differently the benefits for the people, argue with the authority and themselves about the genuine way of development. Many people out had become victims of repressions because of their sincerity and honesty. Who was right? Which way should choose our country? The history does not know the subjunctive mood. Does a person who looks for the truth and does not find it deserve the death? People say, «Human truth is always last but one». Can we forget names of Alikhan Bukeikhanov and Akhment Baitursynov, Mustafa Shokai and Mirzhakyp Dulatov, leaders of the national and democratic party «Alash»? Such people as Sanzhar Asfendiyarov and Saken Seifullin, Magzhan Zhumabayev and Beimbet Mailin (and many others) who dared to think and act to guard the nation from hunger, devastation, disappearance? How many anonymous heroes died in the Stalin camps?!



Years of war called upon all citizens of the enormous country to rank in its military and labor front... Is there a family that wasn't touched with this fire, did not lose a relative or did not taste the grief? There are only some pictures on this inexhaustible theme. To cover it completely, the many-volume book with endless enumerations of people to whom we owe for our freedom and life should be published.

Can the country live with dignity without the working class, without the heavy industry, metallurgy and construction? A Kazakh girl who was the first to operate the milling machine is remarkable. Metallurgy and construction workers remind the Russian epic heroes. The slogan proclaims «We will arrive at the triumph of the communist labor!» One more illusion which flourished in romantic hearts, idealistic fantasies and non-economic conceptions has irrevocably vanished.

Here is the virgin land. Up to now so many disputes are being conducted whether it helped to become the great grain power or spoiled pastures where infinite numbers of sheep grazed. But everything in our feverish and powerful country was done with a speed and great amplitude that there was no time to consider «pros and cons». It was important to start and then see...

A lot of pompous photos were taken for these years: communist leaders are at the sittings or walk through fields of golden wheat, children with flowers honor the labor heroes; peasants admire the fruits of their work; and a group of urban citizens read the newspaper about the shots of an invisible side of the Moon and sometimes look in the sky (in the daytime) as if they want to make sure in what was published... Sometimes such sincere moments of life as shepherds with herds in the winter steppe, or fishermen with dip-nets are captured. Their faces are not distinctive because they do not pose and imitate the holiday of labor. A person at leisure or sitting on the porch or bench is very rare. The country still lives in the rhythm of words «we are born to make a fairy tale real».

Pictures of an individual actually establish a thin connection of continuity of the viewpoint on life as it dominated in the photography before the revolution: a person is interesting in his nature and complex surrounding. To make handicrafts, drink tea, talk, keep silence, embrace his children, think – everything is attractive in him.

A meeting with an unusual person is always exciting. One tries to scrutinize him to see the track, trace, or shadow of the talent and soul in his face, mimics and movements. Stately old woman in kimeshek is Dina Nurpeisova. People say the years did not influence her mastery. A centennial old man is Dzhabul Dzhabayev. His words addressed to Leningrad citizens still excite. Wise and pure in his heart Abyl Khan Kasteev is our first professional painter. Aisha Galimbayeva is the first Kazakh woman artist who painted masterly. Academicians Kanysh Satpayev and Alkei Margulan are founders of the national science. Mukhtar Auazov, Ilyas Esenberlin, Sabit Mukanov, Gabit Musrepov brought fame to the literature of Kazakhstan. Shaken Aimanov is the wonderful film producer and actor who shot films loved by the people up to now. Children add the value to images of talented composers Akhmet and Gaziza Zhubanovs in the picture. It is the rarest case in the photos of the famous people. Actress Sholpan Zhandarbekova, singers Bibigul Tulegenova and Yermek Serkebayev! How many talents live in our country!

The last part opens with a startling face of an old woman in the white-snow kimeshek. Then the photos of tragic sufferings experienced by our people in the second half of the XX century – explosions of the atomic bombs at the Semipalatinsk testing area, dead Aral. Faces of people who suffered these tragedies. Each face expresses the trouble not for its own life but for the nation and land. Each face expresses the endless patience and the will to live.

A human being likes to decode the symbols. The photo of the spaceship ready to sky-rocket seems to provide this opportunity of symbolic decoding. The photographer captured the moment when all parts of the launcher opened and did not hold the spaceship. In some moments the rocket will sky-rocket to other spaces. The same happened to the Soviet Union when it disappeared and gave birth to a new country, independent Kazakhstan. The sooner each perceives that the human being is an aim but not a means; that the freedom of an individual ends where the freedom of other individual starts – the faster everything will change for the better.

Bayan Barmankulova





Қозғал, қазақ, білім іздер кез келді
Қылыш алып «надандық» саған кезенді.
Шетке лақтыр, тымақтай алып, елден қу
Ертелі кеш басыңа мініп езгенді!

Кітап әпер, оқысын, балаң қолына,
Малды аяма оқу-білім жолына.
Өнер алып басқалармен қатар бол,
Қосыл бірдей адамзаттың тобына!

Шәкәрім

Я был душою светлomu открыт,
Но даже богом был я позабыт.
Когда познал страданья я и горе,
И смерть, казалось, за спиной стоит, —
Вдруг я услышал голос впереди:
«Дай руку мне и вслед за мной иди!»
И я пошел. И я счастливец встретил,
Вчера лишь горе прятавших в груди.

Сабит Донентаев





Үгітші. (1920 жж.)

Выступление агитатора. (1920-е гг.)

Speech of a propagandist. (1920s)



*Қызыл әскерлер. Оң жақта – қазақтың
болашақ жазушысы Қасым Қайсенов.
(Алматы. 1930 жж.)*

*Красноармейцы. Справа – будущий
казахский писатель Касым Кайсенов.
(Алма-Ата. 1930-е гг.)*

*Red Army men. Kazakh writer
Kasym Kaisenov is on the right.
(Alma-Ata. 1930s)*



*Колхозшылардың алғашқы жиналысы.
(1928 ж.)*

*Первое колхозное собрание.
(1928 г.)*

*First collective farm meeting.
(1928)*



Халық санағы. (1928 ж.)

Перепись населения. (1928 г.)

Census of population. (1928)



*Қарақалпақ автономды облысының
Шурахан қыстағындағы 1-ші аудандық
конференциясы, парәнжа шешу күні. (1928 ж.)*

*1-я райконференция кишлака Шурахан
Кара-Калпакской автономной области
в день снятия паранджи. (1928 г.)*

*The first local conference of the Shurakhan
village of the Kara-Kalpak autonomous region
at the day of unveiling paranja. (1928)*



Әйелдер қозғалысына қатысушылар.
(Ақтөбе. 1927 ж.)

Участницы женского движения.
(Актюбинск. 1927 г.)

Participants of the women's movement.
(Aktubinsk. 1927)